# Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің кейбір мәселелері туралы

***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 27 маусымдағы N 589 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 19 қыркүйектегі № 995 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 19.09.2014 № 995 қаулысымен.

"Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі ретке келтіру және оның тиімділігін арттыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 27 наурыздағы N 73 Жарлығына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің Сауда және туристік қызметті реттеу комитеті Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің Сауда қызметін реттеу комитеті болып қайта ұйымдастырылсын.

2. "Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің кейбір мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 26 қарашадағы N 1237 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2004 ж., N 47, 586-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

5-тармақ алынып тасталсын;

6-тармақта:

2) тармақшадағы "және туристік қызметті" деген сөздер "қызметін" деген сөзбен ауыстырылсын;

10) тармақшадағы "инвестициялар" деген сөздерден кейін ", Сауда қызметін реттеу" деген сөздермен толықтырылсын;

7-тармақтың 4) тармақшасында:

"және туристік қызметті" деген сөздер "қызметін" деген сөзбен ауыстырылсын;

"екі орынбасары" деген сөздер "бір орынбасары" деген сөздермен ауыстырылсын;

1) көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі туралы ережеде:

1-тармақтағы "және туристік қызметті" деген сөздер "қызметін" деген сөзбен ауыстырылсын;

3-тармақтың төртінші абзацындағы "және туристік қызметті" деген сөздер "қызметін" деген сөзбен ауыстырылсын;

"Министрліктің миссиясы" деген 2-тарау алынып тасталсын;

10-тармақта:

6) тармақша алынып тасталсын;

9) тармақшадағы "кәсіпкерлік" деген сөздің алдынан "жеке" деген сөзбен толықтырылсын;

11-тармақтың 1) тармақшасындағы ", туризмді" деген сөз алынып тасталсын;

13) тармақша алынып тасталсын;

12-тармақтың 1) тармақшасындағы "туризмді," деген сөз алынып тасталсын;

2) көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің Сауда және туристік қызметті реттеу комитеті туралы ережеде:

тақырыбындағы және мәтіндегі "және туристік қызметті" деген сөздер "қызметін" деген сөзбен ауыстырылсын;

"Комитеттің миссиясы" деген 2-тарау алынып тасталсын;

10-тармақтың 5) және 6) тармақшалары алынып тасталсын;

11-тармақта:

"туристік қызмет саласында мемлекеттік саясатты іске асыруды қамтамасыз ететін функциялар:" деген сөздер алынып тасталсын;

18), 19), 20), 21), 22), 23), 27), 28), 29) және 30) тармақшалар алынып тасталсын;

25) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"25) демпингке қарсы және өтемдік шараларды қолдану кезінде бақылау;";

12-тармақта:

1) тармақшадағы ", туристік саланы және оның индустриясын" деген сөздер алынып тасталсын;

2) тармақшадағы ", туристік қызметті" деген сөздер "қызметін" деген сөзбен ауыстырылсын;

16) тармақша алынып тасталсын;

17) тармақшадағы "және туризм" деген сөздер алынып тасталсын;

17-тармақтың екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"Комитет төрағасының заңнамада белгіленген тәртіппен қызметке тағайындалатын және қызметтен босатылатын орынбасары болады.";

3) көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі Сауда және туристік қызметті реттеу комитетінің құрылымында:

тақырыбындағы "және туристік қызметті" деген сөздер "қызметін" деген сөзбен ауыстырылсын;

төртінші және бесінші абзацтар алынып тасталсын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және ресми түрде жариялануға тиіс.

*Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК